

20 СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА САЛЫНДЫ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҚОҒАМ ДЕРТІ ТУРАЛЫ ҚОЙЫЛЫМ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстан талантты, мақсатшыл жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз – білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Әрбір азамат өзінің табысы мен еңбекқорлығы арқылы еліміздің гүлденуіне елеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымызды шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтан тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жігерлендіреді.

№15
(4913)
Сенбі
7 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Кеше Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында XXV қысқы Олимпиада ойындары ресми түрде басталады.

Олимпиада ойындарының ашылуына арналған негізгі салтанатты кеш Милан қаласындағы әйгілі «Сан-Сиро» олимпиадалық стадионында өтті.


Олимпиада ойындары 6-22 ақпан аралығында Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтеді. Оған 90-нан астам елден шамамен 2 900-3 500 спортшы қатысады. Байрақты бәсекеде 16 спорт түрі бойынша 116 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Төрт жылда бір рет өтетін байрақты жарыста Қазақстан құрамасынан 36 спортшы ел намысын қорғайды.



Елімізде бірінші сынып оқушылары қосымша қысқы демалыста 7 күн демалады, деп хабарлады Elordainfo.kz Оқу-ағарту министрлігіне сілтеме жасап.

Министрліктің мәлімдеуінше, еліміздегі мектептерде 8 қаңтардан бастап 10 оқу аптасынан тұратын III тоқсан басталды. 1-сыныпта білім алушыларға 9-15 ақпан аралығында (күнтізбелік 7 күн) қосымша демалыс беріледі.



АҚПАНДА ДА ҚАР ҚАЛЫҢ...

Елордада кешеден бері қалың қар түсті. Қаланың коммуналдық қызметі күшейтілген режимдегі жұмысын жалғастырды. Қар күреу жұмысына таңертеңнен 3 000-нан астам жол жұмысшысы мен 1 700-ден аса арнайы техника жұмылдырылды. Бүгін де елордада қар жауып, сырғыма боран болатыны болжанып отыр. Ауа райының осындай қолайсыз жағдайына байланысты Астана қаласының әкімдігі тұрғындарды жолдарда сақ болуға және мүмкіндігінше алыс сапарларға шықпауға шақырады. Төтенше жағдай туындаған кезде 112 нөміріне хабарласу қажеттігін еске салады.

КЕШЕ ЕЛОРДАДА ҚАР КҮРЕУ ЖҰМЫСЫНА **3 128** ЖОЛ ЖҰМЫСШЫСЫ МЕН **1 768** АРНАЙЫ ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ



БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ КӨРКЕЙЕДІ?

Биыл елордада 173 қоғамдық кеңістік пен аулалық аумақты абаттандыру жоспарланған.

Астана қаласын көркейту бойынша жүзеге асырылатын «Жаңа келбет» бағдарламасы аясында елорданың тарихи бөлігін жаңарту жұмыстарына ерекше маңыз беріледі. Бұл бағдарлама қаланың ескі бөлігінде қоғамдық және демалыс орындарын дамытуға, сондай-ақ жасыл желекті аумақты кеңейтуге бағытталған.

Бүгінгі таңда бұрын ескі үйлер тұрған жерлерде жаңа қоғамдық кеңістіктер пайда болған. Қаланың Урбанистика орталығының мәліметінше, қала аумағындағы қоғамдық кеңістіктерді көбейту, аулаларды абаттандыру, саябақтарды көркейту бойынша ауқымды жұмыстар жалғасады.

5

890 ҮЙ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Астананы газдандыру жөніндегі ауқымды жоба аясында елорданың Шұбар тұрғын алабы табиғи отынға қосылды.

Елорда әкімдігінің Энергетика басқармасы «Астана қаласын газдандыру. Құрылыстың III кезегі. Шұбар тұрғын алабын газдандыру (1-5 іске қосу кешендері)» жобасын іске асырды. Осы жұмыс аясында орта қысымды 7,5 шақырым газ жеткізу құбыры, сондай-ақ төмен қысымды 31,3 шақырым ішкі тарату желілері салынды. Нәтижесінде тұрғын алаптағы 890 жеке үй табиғи газға қол жеткізді.



№15 (4913) 07/02/2026 Сенбі



БАУЫРЛАСТЫҚ МАРАПАТЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығын тапсыру рәсіміне қатысушыларға бейнеүндеу жолдады.

AQORDA

Мемлекет басшысы Абу-Дабиде өткен салтанатты іс-шарада көрсетілген бейнеүндеуінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинянды шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығына ие болуымен құттықтады. Қазақстан Президенті бұл марапат олардың парасатты көшбасшылығына берілген баға екенін атап өтті.

– Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жолында қол жеткізген жетістігі тарихтың бетбұрыс кезеңі саналады. Бұл қадам диалог жүргізіп, жауапкершілік пен ұстамдылық таныта білсек, ұзақ жылдарға созылған қақтығыстың да түйінін тарқатуға болатынын дәлелдейді. Мемлекеттердің жік-жікке бөлінуі ұлғайып, өзара қарым-қатынастарға көптеп сызат түсе бастаған заманда бұл тәжірибенің маңызы зор. Өйткені аталған мысалдан татуласудың әлсіздік емес, мықтылықтың белгісі екенін көреміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент үндеуде Қазақстан тарапының мемлекетімізге артылған сенімді, соның ішінде Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт келісімдердің негізгі бір кезеңін Алматыда өткізу туралы шешімді жоғары бағалайтынын жеткізген.

– Бұл жағдай «сындарлы диалог – орнықты дамудың кепілі» деген ортақ көзқарасымызды айғақтайды. Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі және одан тысқары жерлердегі бейбітшілікті, сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бастамаларды дәйекті түрде қолдап келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сыйлықтың бейбітшілікті нығайту ісінде айрықша рөл атқаратынына назар аударып, аталған құндылықтарды ұдайы ілгерілеткені үшін БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға ризашылығын білдірді.

– Шейх Заид бен Сұлтан Әл Нахаянның толеранттық, өзара құрмет пен бейбіт қатар өмір сүру идеалдарына негізделген өшпес өсиет-өнегесі осы марапатта көрініс тапқан. Бұл қағидаттар нақты саяси нәтижеге ұласып отыр. Әзербайжан мен Армения арасында бейбітшілік орнап, ынтымақтастықтың жандануы осы қастерлі аманатқа жаңа мазмұн дарытып, оның аймақтан тыс жерлерде де өзекті екенін көрсетті. Халықаралық қатынастардағы пәрменді құрал ретінде дипломатияға сенімді күшейте түсті, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Әзербайжан мен Армения басшыларының бейбітшілік орнатуға деген шынайы ниеті миллиондаған адамға үміт сыйлады, тату көршілік қатынастар мен тұрақтылық жаһандық күн тәртібінде әрдайым маңызды екенін әлемдік қауымдастыққа анық аңғартты.

Шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығы – 2019 жылы тағайындалған тәуелсіз халықаралық марапат. Оның мақсаты – бейбітшілікті, өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ халықтар мен мәдениеттер арасындағы ынтымақ пен татулықты дәріптеуге елеулі үлес қосқан тұлғаларды ынталандыру.

Әр жылдары Рим Папасы Франциск, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, IMAD қауымдастығының негізін қалаушы әрі экстремизммен күрес бойынша белсенді Латифа Ибн Зиатен, Иордания Королі II Абдалла, Патшайым Рания және басқа да қайраткерлер сыйлық лауреаттары атанды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша бұған дейін атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова халық қарауына ұсынылған жаңа Ата заң жобасы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, eGov және e-Otinish порталына жұртшылық тарапынан келіп түскен ой-пікірлер саны 4 мыңнан асқан. Азаматтар жобаны бүгінгі талап-тілектер мен қоғам мүддесіне сай келеді деп таниды. Саяси партиялар, республикалық және өңірлік қоғамдық ұйымдар жаңа Конституция қабылдау жөніндегі бастамаға қолдау білдірді.

Президент Конституциялық комиссия жұмысы ашық форматта жалғаса беруге тиіс екенін атап өтті. Бұл азаматтардың талқылау барысынан хабардар болып, жоба мазмұнымен егжей-тегжейлі танысуына мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев сарапшылар мен қоғам өкілдері жолдаған ұсыныстардың барлығын жіті талдауды тапсырды.

Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасының жекелеген баптары мен тармақтарын редакциялап жатқанын айтты. Комиссияның кезекті отырыстары бүгін, яғни 7 ақпанда және келесі аптада өтеді.

НЕГІЗГІ ҰСЫНЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

2026 КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның сегізінші отырысы өтіп, соның барысында жаңа Ата заңға енгізілетін негізгі ұсыныстар талқыланды.

ҚР Конституциялық Сотының төрағасы, Комиссия төрағасы Эльвира Азимованың айтуынша, комиссияға 4 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Қоғам тарапынан көптеген оң пікірлер, сонымен қатар, Конституция жобасының жекелеген баптарының редакциясын жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар келіп түсуде.

Кезекті отырыста ҚР Мемлекеттік кеңесшісі, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қарин, Бас Прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өміралиев, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков, «М.С.Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ университеті» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты, «Республика» партиясының фракция жетекшісі Айдарбек Қожаназаров, ҚР Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов, Республикалық заң консультанттары алқасының төрағасы Серік Ақылбай, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының президенті Қарлығаш Жаманқұлова, Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко, Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы Жаңбырбай Матаев сөз сөйледі.

«Конституция жобасын бүкілхалықтық талқылау азаматтардың конституциялық процеске белсенді әрі саналы түрде қатысып жатқанын айқын көрсетеді. Қоғаммен жүргізіліп отырған бұл ашық диалог жалғасады. Комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасының ережелерін алдағы уақытта да кәсіби деңгейде түсіндіреді» деді Эльвира Азимова.

Отырыс барысында ҚР Бас прокурорының бірінші орынбасары Жандос Өмірәлиев Конституцияның 18-бабын нақтылауды ұсынды. Осы баптың 2-тармағында сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды деп көрсетілген. Бұл – дұрыс жазылған мәтін. Дегенмен, орыс тіліндегі аудармасында, онда «мерзімнен артық ұстау» деген шешуші ұғым көрсетілмей қалған. Сол себепті кейбір мамандар сот шешімінсіз күдіктіні ұстау мүлдем болмайды деп түсіну қаупі бар екенін айтуда.

«Мәтін мазмұнына қарасақ, расында да дәл солай. Кісі өлтіру, басқа да қоғамға қауіпті қылмыстар кідірісті көтермейтіні айдан анық. Қылмысты тоқтату, күдіктіні ұстау, оны дереу оқшаулау құқық қорғау қызметінің ең негізгі міндеттердің бірі болып танылады. Тек осыдан кейін ғана оны күзетпен ұстау туралы шешімді сот қабылдайды. Бұл – дүниежүзілік практика. Конституция еліміздің басты құқықтық темірқазығы, оның әрбір нормасы анық және түсінікті болуы қажет және керісінше, екіұшты болмауы керек. Сондықтан да талқылаудағы осы норманы заң техникасы тұрғысынан қайта қарап, нақтылауды ұсынамын. Жалпы Комиссия орасан зор жұмыс атқарып жатқанын ерекше атап өткім келеді. Ең маңыздысы, Ата заңның жобасын талқылау халықтан алшақ емес, онымен бірге талқылануда және оның әр нормасы елдің бүгінгі тұрақтылығы мен ертеңгі игілігіне бағытталған» деді Жандос Өмірәлиев.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков білімге қатысты мәселелер бойынша сөз сөйледі. Оның айтуынша, ғылым мен білімнің басымдығын конституциялық түрде бекіту, осындай трансформация үшін ұзақ мерзімді негіз бола алады.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қариннің айтуынша, қолданыстағы Конституция мен жаңа Ата заңның арасындағы мазмұндық, ұстанымдық, мағыналық, жаңашылдық, тілдік, редакциялық тұрғыдан айырмашылық біршама.

«Конституциядағы жаңа мәтінді жас та, үлкен де бірдей түсініп қабылдай алатын болады. Бұл қоғам назарына талқылауға ұсынылған Конституцияның жаңа мәтінінің үлкен бір жаңашылдығы, артықшылығы деп сенімді түрде айта аламыз. Оны бірқатар азаматтар әлеуметтік желіде де қолдап пікір жазуда» деді Ерлан Қарин.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Respublika» партиясының фракция жетекшісі Айдарбек Қожаназаров жаңа Конституцияда ұлттық валюта теңге мәртебесін бекітуді ұсынды. Оның айтуынша, әлемдік қаржы жүйесі өзгеріп жатқан жағдайда бұл мәселе аса маңызды.

«Теңге Қазақстанның өз даму бағытын таңдағанын, қаржылық және институционалдық тұрғыдан дербес мемлекет ретінде орныққанын көрсететін танымал әрі мағыналы нышан. Осы себепті ұлттық валюта қаржы жүйесінің элементі болуымен қатар мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын білдіретін символды мәнге ие. Ұлттық валютаның мәртебесін Конституция деңгейінде бекіту ҚР экономикалық дербестік қағидатын айқындауға мүмкіндік береді» деді Айдарбек Қожаназаров.

Оның сөзінше, ұлттық валютаның мәртебесін Конституцияда бекіту теңгенің институционалдық маңызын күшейтеді, қаржы саясатының сабақтастығын қамтамасыз етеді, әртүрлі алып-қашпа пікірлердің алдын алады.

Айдарбек Қожаназаров бұл құжатты қазіргі заман талаптарына толық жауап беретін, терең ойластырылған және елдің ұзақ мерзімді даму бағдарын айқындайтын маңызды құжат ретінде бағалап отыр. Соған орай ол жаңа Конституцияның жобасын референдумға шығаруды ұсынды.

Бұл ұсынысты Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы Серік Ақылбай қолдады. Бұл ретте белгілі заңгер құқықтық мемлекеттердің негізгі қағидаттарының бірі мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті. Осыған байланысты Серік Ақылбай мемлекеттің жария-құқықтық жауаптылығын конституциялық деңгейде бекітуді ұсынды.

Оның айтуынша, дәл осы әрекетсіздік көбіне құқықтардың ең елеулі бұзылуына әкеледі. Өтініштерді қарау мерзімдерінің созылуы, міндетті шешімдердің қабылданбауы, сот актілерінің орындалмауы, жалтару, қызметтік міндеттерге формалды көзқарас таныту. Нәтижесінде адам құқықтық белгісіздік жағдайында қалады, яғни оның құқықтары танылғанымен, іс жүзінде іске асырылмайды.

«Әрекетсіздік кезінде де, заңсыз әрекеттер жасалған жағдайда да билік өкілеттіктерін жүзеге асырудың заңда белгіленген тәртібі бұзылады және жеке тұлғаның мүдделеріне нұқсан келеді. Осындай тәуекелдерді ескере отырып, мемлекет азаматты заңсыз әрекеттер мен шешімдер қаупінен барынша қорғау үшін өзара іс-қимыл рәсімдерін тұрақты жаңартып, іс жүргізу заңнамасының тиімділігін арттырып отырады» деді Серік Ақылбай.

«Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының президенті Қарлығаш Жаманқұлова Конституцияға әрбір азаматтың мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен келген зиянды өтеу құқығы туралы норманы енгізуді ұсына отырып, адам құқықтарын қорғау кепілдіктерін кеңейту туралы айтты.

БЕЛСЕНДІЛЕР КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Бас қаланың Нұра ауданы әкімдігінде жаңа Конституцияға енгізілген өзгерістерге арналған ашық қоғамдық талқылау өтті.



Жиынға аудан әкімі Ришат Тұрдыбеков, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Конституциялық комиссия мүшесі Зұлфухар Ғайыпов және аудандық басқармалар мен бөлім басшылары, партия хатшылары мен қоғам белсенділері сондай-ақ білім беру мекемелерінің директорлары қатысты.

– Бүгінгі біздің кездесуіміздің тақырыбы – азаматтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардың ұсыныстарын жан-жақты талдау. Өздеріңіз білетіндей, жыл сайынғы Жолдау аясында 2025 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті бір палаталы Парламентке көшу көзделген конституциялық реформаны өткізуді ұсынды. Бұл бастама саяси жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасауға бағытталған.

2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына жетекші құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар фракцияларының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енді, – деді Ришат Тұрдыбеков.

Ата заңның жаңа жобасында преамбула, 11 бөлім, 95 бапты бекіту ұсынылады.

– Жобада 11 бөлім 95 бап бар. Кейбір бөлімдер бірінші рет қосылып отыр. Бұл – бірінші ерекшелігі. Екіншісі, бұл нұсқаның преамбуласы кіріспесі жаңадан жазылып шықты. Кіріспе «Біз, біртұтас Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекетті нығайта отырып, Ұлы даланың мыңжылдық тарихын сабақтастығын сақтап…» деп басталады. Жаңа Конституцияда арнайы 30-бап енгізілді. Мұнда «Неке ер мен әйелдің мемлекеттік заңға сәйкес тіркелген ерікті одағы» деп жазылған. Парламент бір палаталы болады. Оның атауы – Құрылтай. Сондай-ақ жаңа саяси институт пайда болды. Ол – Халық кеңесі. Астанада бірде-бір құжат Қоғамдық кеңесті айналып өтпейді. Бірақ біздің айтқанымыз ұсыныс күйінде қалады. Ал Халық кеңесі заң шығару мүмкіндігіне ие болып отыр, – деді Қоғамдық кеңес төрағасы.

Халық кеңесі азаматтардың мүддесін білдіретін консультативтік орган болып есептеледі.

– Жаңа Конституцияға енгізілген өзгерістерді халықтың белсенді түрде талқылап жатқаны қуантады. Ата заң – біздің басты төл құжатымыз. Біздің ел болып қалыптасуымызға, әлемге танылуымызға осы құжаттың абыройы үлкен болды. Әлбетте, өмір болған соң өзгерістер болып тұрады. Сондықтан мемлекеттің реформалық жұмыстарды жүргізуі өте орынды деп ойлаймын. Қазіргі ұсынылып жатқан өзгерістер елдің экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми жағынан үлкен өзгеріс беретініне сеніп отырмыз. Тіпті Парламенттің Құрылтай деп аталуы қазақтың төл табиғатына, болмысына жақындатылып жатқаны қуантарлық жайт. Бұл өзгерістер еліміздің дамуына үлкен әсер етеді деп ойлаймын, – деді Астаналық цирктің бас директоры Айболат Жәудір.



РЕФЕРЕНДУМ – ЖАСТАРДЫҢ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАУ МҮМКІНДІГІ

Астанада Қазақстан жастары конгресінің ұйымдастыруымен «Конституциялық реформа: жастар үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Талқылау барысында конституциялық реформаның негізгі ережелері, оның жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпалы, азаматтық белсенділікті дамыту, сондай-ақ жастарды шешім қабылдау үдерістеріне тарту мәселелері қарастырылды.

Іс-шараны ашқан Қазақстан жастарының конгресі атқарушы директоры Бақдәулет Жанділдаев Қазақстан үшін қазіргі кезеңнің тарихи маңыздылығын атап өтті.

Оның айтуынша, елде конституциялық реформа жүзеге асырылып, Конституцияның жаңартылған мәтіні кең қоғамдық талқылауға ұсынылған. Жаңа редакциядағы Ата заң әлеуметтік мемлекет қағидаттарын күшейтіп, барлық азаматтарға, соның ішінде жастарға да, білім алу, еңбек ету және өзін-өзі дамыту салаларында тең мүмкіндіктер беруге бағытталғаны айтылды.

Дөңгелек үстелде Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Зұлфухар Ғайыпов, «Жасыл ел» еңбек жасақтарының республикалық штабының жетекшісі Нұрасыл Бекматов, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы бөлімінің жетекшісі Арайлым Сапарали, сондай-ақ саясаттанушы, «Бизнес, қоғам және мемлекет арасындағы байланыстар қауымдастығы» басшысы Аяжан Өтеуова сөз сөйледі.

Зұлфухар Ғайыпов жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысына жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша, бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды кешенді талдау, ашық қоғамдық талқылау және жаңа нормалар мен ережелерді мұқият пысықтау нәтижесінде дайындалған.

«Соңғы жылдары елімізде «Әділетті Қазақстан» идеясын іске асыру мақсатында саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. Бұл өзгерістердің негізгі өзегі – халықтың мемлекеттік басқару ісіне тікелей әрі мазмұнды қатысуын қамтамасыз ету» деді ол.

Өз сөзінде Нұрасыл Бекматов конституциялық өзгерістердің тек құқықтық жүйені жетілдіруге ғана емес, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға да бағытталғанын атап өтті. Ол жастар арасында экологиялық мәдениетті дамытудың маңыздылығына тоқталып, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының ерекше мәнге ие екенін айтты.

Дөңгелек үстел аясында жаңа Конституция жобасының идеологиялық негіздеріне де ерекше назар аударылды. Бақдәулет Жанділдаев преамбуланың маңыздылығын атап өтіп, дәл осы бөлім Ата заңның құндылықтық және мазмұндық бағытын айқындайтынын айтты.

Дөңгелек үстел барысында «сұрақ-жауап» форматында ашық пікірталас ұйымдастырылып, қатысушылар өзекті құқықтық және әлеуметтік бастамаларды талқылап, конституциялық өзгерістер жағдайында жастар саясатын одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстарын білдірді.



БАСТЫ БАҒЫТТАР БАҒАМДАЛДЫ

Астана қаласындағы №1 индустриялық парк аумағында орналасқан кәсіпорындар ұжымдарымен жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған кездесу өтті.

Жиын алюминий және фиброцемент негізіндегі құрылыс материалдарын өндіретін «MetalFormer», электр жабдықтарын өндіретін «Bolashak Electric», құрылыс материалдарын өндірумен айналысатын «Spectrum Plus» зауытында және қабырға панельдері мен металл бұйымдарын шығаратын «ComInvest Group» зауыттарының ұжымдарында өтті.

Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Сарыбайұлы, Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Әшімов және «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығының басқарма төрағасы Асхат Бекеев қатысты.

Кездесу барысында жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары түсіндірілді. Атап айтқанда, құжат еліміздің саяси және құқықтық дамуына жаңа серпін беретін маңызды қадам екені, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтуға бағытталғаны айтылды. Бұл өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқарудың ашық әрі жауапты болуына ықпал ететіні аталып өтті.

Сонымен қатар Конституцияның преамбуласында белгіленген жаңа құндылықтарға да ерекше назар аударылды. Онда елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау, ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау негізгі бағдар ретінде айқындалған. Бұл құндылықтар әр азамат үшін ортақ мақсат пен жауапкершілікті білдіреді.

Сондай-ақ депутаттардың пропорционалды жүйе арқылы сайлануы саяси партиялардың рөлін күшейтіп, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыратыны айтылды. Бұл партиялардың тек сайлау кезеңінде ғана емес, тұрақты түрде қоғаммен жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Кездесу ашық форматта өтіп, қатысушылар өз пікірін білдіріп, сұрақтарын қойды.

АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ ТАНЫТАДЫ

Елорданың Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Қазақстан Конституциясының жаңартылған жобасын талқылауға арналған жиын өтті. Маңызды басқосуға орталық ұжымы түгелдей қатысып, ел болашағына тікелей әсер ететін құжат төңірегінде ой бөлісті.

Жиынды орталық директоры Серік Қарабатыров ашып, Конституция мемлекеттің құқықтық негізі ғана емес, қоғам дамуының басты бағдары екенін атап өтті. Ол Ата заңға енгізілетін өзгерістер әрбір азамат үшін маңызды екенін айтып, жиынның мән-маңызына тоқталды.

Перспективті даму және әлеуметтік жобалар бөлімінің қызметкері Дәрия Әлиқызы ұжым мүшелеріне Конституцияның жаңа жобасындағы негізгі өзгерістерді жан-жақты түсіндірді.

«Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата заңының жобасын жариялады. Жаңа мәтіннің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация алдыңғы орынға шығарылды. Сонымен қатар Конституцияның логикасы мен философиясы түбегейлі жаңартылған» деп атап өтті Дәрия Әлиқызы.

Іс-шара ашық, әрі екіжақты диалог форматында өтіп, қатысушылар өздерін қызықтырған сауалдарға толыққанды жауап алды.

Кездесу соңында ұжым мүшелері Конституция жобасына қатысты пікірлерін ортаға салып, ел болашағына бейжай қарамайтындықтарын, қоғам өміріндегі маңызды өзгерістерге белсенді азаматтық ұстаным танытатынын білдірді.



№15 (4913) 07/02/2026 Сенбі

20 СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА САЛЫНДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Бейбітшілік көшесі бойындағы колледж студенттеріне арнап салынып жатқан жатақхананың жағдайымен танысты.



Айтуынша, Астанада студенттерге арналған жатақханалар саны артып келеді.

«Соңғы жылдары елордада жауапты министрлікпен, университеттермен және инвесторлармен бірлесе отырып, 20 студенттік жатақхана салып, пайдалануға берілген. Нәтижесінде 7 мың орын ашылды. Мәселен, 2023 жылы 8 жатақхана, 2024 жылы 6 жатақхана, 2025 жылы да 6 жатақхана пайдалануға берілген» деді қала басшысы.

Бейбітшілік көшесі, 59 мекенжайда орналасқан жатақхана шамамен 1 мың орынға арналған. Бас қала әкімі одан әрі елордада басқа әлеуметтік нысандар салынып жатқанын жеткізді.

«Колледж студенттеріне арнап салынған жатақхананың құрылыс барысымен таныстым. Бұл жатақхана шамамен 1 мың орынға арналған. Оны осы жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға береміз. Қабылданған шаралар өзге қалалардан және шетелден келген студенттердің тұрмысын жайлы етеді. Сонымен қатар, елордада өзге де әлеуметтік нысандар: мектептер, балабақшалар, оқушылар сарайы, спорт нысандары және тағы басқаларын салып жатырмыз» деді Жеңіс Қасымбек.



ДЕПУТАТТАР КӘСІПОРЫНДЫ АРАЛАДЫ



Астаналық халық қалаулылары қалалық мәслихат төрағасы Зейнұлқабден Табиғаттың жетекшілігімен DANMARD өндірістік кәсіпорнына барды.

Компания 2008 жылы тіркелген, 2017 жылы ребрендинг жүргізілді. Негізгі қызмет бағыты – арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарымен қоса тігін бұйымдарын, атап айтсақ, бронежилеттер мен өрт сөндірушілердің жауынгерлік киімін, жеке қорғаныс құралдарын; шатыр өнімдерін; киім-кешек мүлкі және тактикалық жарақтандыру; трикотаж бұйымдары мен жилеттер; шөлке-шұлық бұйымдарын; шеврондар мен корпоративтік киімдер өндіру. Өндіріс «Астана Технопаркінің» аумағында орналасқан. Өндірістік ғимараттардың жалпы ауданы 2 000 шаршы метрден асады, 300-ден астам тігін жабдықтары пайдаланылады. Қазіргі таңда кәсіпорында шамамен 150 қызметкер жұмыс істейді.

Компания мемлекеттік қорғаныс және жұмылдыру тапсырысы бойынша отандық өндірушілер тізіліміне, сондай-ақ білікті жеткізушілер тізіліміне енгізілген.

Жұмыс барысында мәслихат депутаттары кәсіпорынның өндірістік қуатымен және ағымдағы қызметімен танысты.



АТА ЗАҢ АРХИВ КӨРМЕСІНДЕ

Астана қаласының архиві «Зайырлы мемлекет және неке институты: конституциялық-құқықтық көзқарас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға архив қызметкерлері, заңгерлер және құқық саласының мамандары қатысты. Сонымен қатар арнайы көрме ұйымдастырылды.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Қазақстандағы зайырлы мемлекет қағидаттары аясында неке институтының құқықтық негіздері талқыланды. Аталған жиында Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі Әлімжан Жұбатқанов сөз сөйлеп:

– Зайырлы мемлекет жағдайында неке институты діни қағидалардан бөлек, Конституция мен заңдар арқылы реттеледі және барлық азаматтардың тең құқықтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл көзқарас некені жеке сенім мәселесінен гөрі қоғамдық-құқықтық институт ретінде қарастырып, адам құқықтары мен зайырлылық қағидаттарын сақтауға негіз болады, – деді.

Шара барысында «Конституция – тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты бейнеролик көрсетілді. Дөңгелек үстелге қатысқан архив қызметкерлері маманға сауал жолдап, жауап алып тарқасты.

Елордада цифрландыру және жасанды интеллект саласында мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып, қаланың дамуы «Ақылды қалалар», Documentolog стандарттарына және цифрлық трансформацияның ұлттық басымдықтарына сәйкес жүргізілуде. Бұл жөнінде Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында қалалық Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Берік Ахметов баяндады.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, тиісті жұмыс «Қауіпсіз қала», «Ашық қала» және «Ақылды қала» аталатын үш бағытта жүргізіліп жатыр. Соның ішінде қауіпсіздік деңгейін көтеру мақсатында былтыр мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында БАӘ елінің бір компаниясымен жұмыс басталды. Соның арқасында бұрын қалалық Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына бөлінген бейнекамералар саны 32 мың болса, қазір екі есеге көбейді. Бұл жұмыс түрлі қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың ашылуын арттырады.

«Биыл «Жүргізушісіз такси» атты қанатқақты жобаны іске қосамыз. Бұл жоба Орталық Азия аумағында бірінші рет қолға алынып жатыр деп айтуға болады. Қазір Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірге «Яндекс», «Индрайвер» және «Жет» атты үш компаниямен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Бұл такси бағыты Халықаралық әуежайдан басталып, Қабанбай батыр даңғылы, Түркістан көшесін қамтып, «Абу даби Плазаға» дейін болады. Осы бағыт туристерге қаланың Бас мешітін, ЭКСПО аумағын, Ботаникалық бақты, «Хилтон», «Шератон» қонақүйлерін, «Абу даби Плазаны» көруге мүмкіндік береді» деді басқарма басшысы.

Берік Ахметов елорданың стратегиялық және маңызды мекемелердің құжаттары мен мәліметтерін цифрлық тұрғыдан қорғау қолға алынғанын жеткізді. Онлайн және оффлайн қызметтерге тоқталды. «Smart Astana» қосымшасына ребрединг жасалып жатқанын, «Тоқта, есірткі!» сынды жаңа қосымша әзірленуде екенін айтты. Жаңа қосымшаның жұмыс принципін таныстырды. Сонымен қатар ұрлықтарды анықтауға арналған қосымша туралы айтып, кейбір қалалық басқармалардың өтінішімен олардың құжаттарын цифрландыру жүргізілгенін атап өтті.

Сондай-ақ жиында кондоминиум нысанын басқару үшін ең төменгі жарнаны бекіту, қаланың орта білім беру мекемелерінде білім алуға мемлекеттік тапсырысты бекіту, т.б. мәселелер қаралды. Қоғамдық кеңес мүшелері сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді. Кейбір мәселе бойынша осы кеңестің комиссиялары сараптама жасады. Солардың қорытындысы жария етілді.

ЕСІРТКІНІҢ ЗИЯНЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Астана – есірткісіз қала!» атты профилактикалық іс-шара өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шара «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында ұйымдастырылып, оның басты мақсаты – жастар арасында есірткі тұтынудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және студенттердің болашаққа саналы көзқарасын қалыптастыру.

Акция дәстүрлі дәріс форматында емес, студенттермен ашық әрі еркін диалог түрінде жалғасты. Жастар өздерін толғандырған сұрақтарын тікелей мамандар мен спикерлерге қойып, нақты әрі ашық жауап алды. Кездесу барысында өмірлік құндылықтар, жеке жауапкершілік және дұрыс таңдау жасаудың маңыздылығы туралы айтылды.

Іс-шараны Астана қаласы Полиция департаменті ұйымдастырып, оған мәдениет пен киноиндустрия өкілдері, медиа саласының мамандары және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері қатысты.

– Мұндай профилактикалық іс-шаралар жастардың өмірлік құндылықтарға саналы көзқарасын қалыптастыруға, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен жастар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етуде. Жалпы Есірткі қылмысы мен оған тәуелділік – қоғам үшін аса қауіпті құбылыс. Сол себепті біз жастармен, оқушылармен жиі кездесіп, алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Мұндай шаралар жастардың қылмысқа бару қаупін төмендетуге көмектеседі. Сонымен қатар, жастар бізге тікелей сұрақтарын қойып, ашық форматта жауап ала алады» дейді Астана қаласы Полиция департаменті Кинология қызметі орталығы бастығының орынбасары Дастан Қойшығарин.



№15 (4913) 07/02/2026 Сенбі



БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ КӨРКЕЙЕДІ?

Бас қаланың келбетін жақсарту, тұрғындар мен қала қонақтарына жайлы да тартымды ету, әсіресе халық демалатын орындарды абаттандыру жұмыстары жалғаса береді. Қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртып, көбейту, саябақтарды көркейту, елорданы жасыл желекке орау бойынша биыл және алдағы жылдары атқарылатын жұмыстар ауқымы айқын. Бұл жөнінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында жауапты мекемелердің басшылары мен аудандардың әкімдері баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұловтың мәлімдеуінше, биыл қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша 10 жобаны іске асыру жоспарланған. Соның алғашқысы – «Мыңжылдық» аллеясының құрылысы (I кезең). Тиісті жұмыс Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының артындағы скверде жүргізіледі. Сондай-ақ «Нұрлы жол» теміржол вокзалына қарама-қарсы, Ж.Нәжімеденов пен А.Байтұрсынұлы көшелерінің ортасында «Привокзальный» саябағы салынады. І.Омаров көшесінен Күлтегін көшесіне дейінгі аралықта және Әнет баба көшесінен Төле би көшесіне дейінгі аймақта Greenline бульварының (II кезең) құрылысы жоспарланған.

Биыл Кіші Талдықөл аумағында экосаябақтың құрылысы басталады. Сонымен қатар осы жылы «Триатлон» саябағы, «Бейбітшілік және келісім» саябағы (II кезең) жаңғыртылады. Тәуелсіздік даңғылынан бастап «Нұрлы жол» вокзалына дейінгі аумақта Ш.Қалдаяқов көшесі көгалдандырылады. Ал Қабанбай батыр даңғылында веложол салынады. Сарыбұлақ өзенінің арнасы Н.Тілендиев даңғылынан бастап жаңғыртылады.

Қаланы көгалдандыру жұмыстарына тоқталған Дәулет Досқұлов өткен жылы 47 мың жасыл желек отырғызылғанын жеткізді. Оның айтуынша, қала аумағында жалпы 4,7 млн жасыл желек, ал «Жасыл белдеуде» 14 млн жасыл желек өсіп жатыр.

Қаланың Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкеннің мәліметінше, биыл елордада 173 қоғамдық кеңістік пен аулалық аумақты абаттандыру жоспарланған. Президенттік саябақты абаттандыру жұмысы жалғасып, Ұлы дала даңғылы абаттандырылады.

«Осы жылы Астананың дизайн-кодын әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Бұл құжатта қаланы абаттандыру мен көгалдандыру бойынша ережелер қамтылады. Сонымен қатар Astana Туре атауымен қалалық шрифтті енгіземіз. Әлемнің Нью-Йорк, Лондон, Берлин, Сеул сияқты үлкен қалаларында өзінің шрифті бар. Біз Халықаралық бюромен елорданың шрифтін әзірлеу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Шрифтті бізге осы бюро жасап береді. Оны навигацияда, басқа да кейбір қызметтерді, жалпы бүкіл қалада қолданамыз» деді Елнар Базыкен.

Оның айтуынша, бұл шрифт Астананың танымалдығын арттырып, уақыт өте келе Астананы ғана емес, Қазақстанды әлемге танымал етеді.

Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманбердінің баяндауынша, негізгі жұмыс аулаларды абаттандыруға бағытталған. Аталмыш ауданда жалпы 252 аула болса, биыл соның 70-інде жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның 20-сы толығымен жөнделеді. Ал қоғамдық кеңістіктерге келсек, былтыр пайдалануға берілген А.Пушкин-Кенесары көшелерінің қиылысындағы «Студенттер үйінің» аумағы осы жылы абаттандырылады. Сонымен қатар Кенесары көшесінің А.Пушкин көшесінен А.Янушкевич көшесіне дейінгі аумақ көркейеді. Ә.Сембинов-А.Иманов көшелеріндегі №119 жайлы мектебіндегі аумақта автотұрақ салынып, жасыл желек отырғызылады. Ж.Тархан мен А.Жұбанов көшелерінде қоғамдық кеңістік салынды. Сол көшелердің қалған бөлігінде гараждар орналасқан. Биыл оларды сатып алу жұмысы жүргізіліп, орны абаттандырылады. «Тұлпар» сауда үйінің алдындағы гүлзардың қалған бөлігі де осы жылы демеушілердің қаржыландыруымен көркейеді.

Елорданың Нұра ауданында осы жылы 7 қоғамдық кеңістік абаттандырылып, көгалдандырылады. Оның жалпы аумағы 9 гектарды құрайды. Екі қоғамдық кеңістік қана бюджет есебінен абаттандырылады, қалғандары инвесторлар қаржысымен іске асырылады. Мұны аталмыш аудан әкімі Ришат Тұрдыбеков жеткізді. Тиісті жұмыстар «Копенгаген», «Мадрид», «Алтын шар» тұрғын үй кешендері, Тұран мен Қабанбай батыр даңғылдарының қиылысында, «Ғарыш сапары» аумағында жүргізіледі. Сондай-ақ «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында кешенді істер қолға алынады. Астаналық цирк аумағы мен «Памир» тұрғын үй кешеніндегі аумақ та абаттандыру жоспарына енгізілді.



БИЫЛ ЕЛОРДАДА 173 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК ПЕН АУЛАЛЫҚ АУМАҚТЫ АБАТТАНДЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН. ПРЕЗИДЕНТТІК САЯБАҚТЫ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСЫП, ҰЛЫ ДАЛА ДАҢҒЫЛЫ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Сарайшық ауданында да биыл 7 қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Бұл жұмыстар аудан бюджеті есебінен жүргізіледі. Жалпы ауданда 14 жоба іске асырылады. Қалған 7-уін қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы іске асырады. Соның ішінде аудан Р.Қошқарбаев даңғылындағы Қ.Аманжолов пен Қордай көшелері ортасындағы жалпы ұзындығы 2,5 шақырымды құрайтын аумақты абаттандырады. Сондай-ақ М.Жұмабаев даңғылының, К.Әзірбаев көшесінің шамамен алғанда 1 шақырымдай бөлігі, Қ.Ахмедияров көшесіндегі жаңадан салынған мектептің аумағы, Ф.Кәрібжанов, А359 және Т.Жүргенов көшелері көркейеді. Бұл жоспарлармен аталмыш аудан әкімі Мақсат Саматұлы таныстырды.

Алдағы жылдары «Жаңа келбет» бағдарламасы аясында қаланың тарихи бөлігін жаңарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарлама шеңберінде көшелерді абаттандыру, қоғамдық және демалыс орындарын дамыту, сондай-ақ жасыл желекті кеңейту жоспарланған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы одан әрі дамыту жөніндегі кеңесте тек орталық аудандар ғана емес, тұрғын, өндіріс және сауда аймақтары, әсіресе оң жағалаудағы аудандар да көрікті болуы тиіс екенін атап өтті. Осыны қалалық мәслихаттың төрағасы Табиғат Зейнұлқабден еске салды.

Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукентаевтың айтуынша, биыл 50-ден астам ауланы абаттандыру жоспарланған.

«Биыл тұрғын алаптарға мән беру біз үшін үлкен іс болып тұр. Агроқалашықта тұрғындардың өтінішімен «Рауан-15» қоймасы аумағында қоғамдық кеңістік салуды жоспарладық. Көкталда Ақыт Үлімжіұлы атты әжептәуір ұзын көше бар. Сонда да қоғамдық кеңістік салынады» деді аудан әкімі.

Оның баяндауынша, Агроқалашықтағы Шыңтас тұйық көшесінің бір бөлігі, К.Байсейітова көшесі көркейеді. Кенесары көшесіндегі 5 үйдің қасбеті жаңартылып жатыр. Сол көшеге қазақы нақыш беру жоспарланған. Ескі теміржол вокзалы аумағын көркейту жұмысы да жалғасады.

Алматы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Мақсат Тасболат 3 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланғанын жеткізді. Бұл жұмыстар Б.Момышұлы даңғылында Тәуелсіздік даңғылы мен М.Жұмабаев даңғылы арасында шамамен алғанда 3,2 шақырым аумақта, Ш.Құдайбердіұлы даңғылында Ақбұлақ өзенінен Ғ.Мұстафин көшесіне дейін және Шарль де Голль көшесінде Қ.Жалаири мен Тәуелсіздік даңғылы аумағында жүргізіледі.

Есіл ауданы әкімінің міндетін атқарушы Мадияр Нөгербеков биыл 4 қоғамдық кеңістік абаттандырылатынын айтты. Тиісті жұмыстар Ұлы дала мен Қабанбай батыр даңғылдарында, Орынбор және Сауран көшелерінде жүргізіледі.

Қалалық мәслихат депутаттары баяндамашыларға сауалдар қойып, ұсыныстарын жеткізді. Жалпы алғанда, қаланы көркейту жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті.

ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІ – БОЛАШАҚ БАСҚАРУШЫЛАР АЛАҢЫ

Бүгінгі жастар – ел болашағын айқындайтын негізгі күш, қоғамның ең белсенді әрі жаңашыл бөлігі. Олардың білімге құштарлығы, өзгерістерге бейімділігі және жаңа идеяларға ашықтығы мемлекет дамуының тұрақты негізін қалыптастырады. Осы әлеуетті тиімді пайдалану, жастардың қабілеті мен кәсіби мүмкіндіктерін ел игілігіне бағыттау – мемлекеттік жастар саясатының басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан маңызды бастамалардың бірі – Өңірлік жастар кадр резерві. Бұл жоба жастардың көшбасшылық қабілетін дамытуға, оларды жауапты шешімдер қабылдайтын басқару үдерістеріне тартуға және өңірлерде білікті кадрлар пулын қалыптастыруға бағытталған. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, бүгінде Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған резервші Ерлан ЖҮСІПОВТЕН резерв жайлы пікірін білген едік.

– Ерлан Нұрланұлы, сіз Өңірлік жастар кадр резервіне іріктелдіңіз. Алдымен осы жаңалықты қалай қабылдадыңыз?

– Бұл жаңалықты зор жауапкершілікпен әрі үлкен сеніммен қабылдадым. Өйткені Өңірлік кадр резервіне ену жеке жетістік қана емес, мемлекет тарапынан көрсетілген жоғары баға деп есептеймін. Бұл – өз білімің мен тәжірибеңді ел игілігі үшін пайдалануға берілген мүмкіндік. Өңірлік кадр резерві – жай ғана тізім емес, ел болашағына бейжай қарамайтын, нақты іспен дәлелдеуге дайын жастарды іріктейтін алаң. Өз еңбегім мен білімімнің бағаланғанын сезіну ерекше мотивация берді.

– Іріктеу кезеңдері туралы не айтар едіңіз? Бұл үдеріс, сіздің ойыңызша, қаншалықты әділ өтті?

– Іріктеу оңай өтті деп айтуға болмайды. Әр кезеңде тек білім ғана емес, логикалық ойлау, шешім қабылдау қабілеті, көшбасшылық қасиеттер сыналады. Бұл процестің әділ әрі ашық өткенін ерекше атап өткім келеді. Әр үміткердің өз мүмкіндігін толық көрсетуге жағдай жасалған. Іріктеу кезеңдері өте жүйелі әрі талапқа сай өтті. Әрбір кезең үміткердің тек білім деңгейін ғана емес, логикалық ойлауын, талдау жасау қабілетін, көшбасшылық қасиеттерін, шешім қабылдай білуін анықтауға бағытталды. Тестілеу мен сұхбаттар әділ әрі ашық форматта ұйымдастырылды. Бұл үдеріс шын мәнінде ең лайықты, әлеуеті жоғары жастарды іріктеуге мүмкіндік берді.

– Өңірлік кадр резерві қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсыз?

– Ең басты мүмкіндік – өз өңірімнің дамуына нақты үлес қосу. Бұл жоба жас мамандарды басқару үдерістеріне ерте араластырып, тәжірибе жинақтауға жол ашады. Сонымен қатар кәсіби және тұлғалық дамуға бағытталған оқыту, тәжірибе алмасу, тәлімгерлік жүйесі болашақ басқарушы ретінде қалыптасуға үлкен ықпал етеді.




– Ерлан Нұрланұлы, өзіңіз бірнеше жылдан бері мемлекеттік қызметте жүрсіз. Мемлекеттік қызметке деген көзқарасыңыз қандай?

– Мен үшін мемлекеттік қызмет – бұл мансап қуу емес, халыққа адал қызмет ету. Әрбір қабылданған шешімнің артында адам тағдыры, қоғамның сенімі тұрғанын түсіну өте маңызды. Сондықтан жауапкершілік, әділдік және ашықтық қағидаттарын басты орынға қоямын.

– Ал жастардың мемлекеттік басқарудағы рөлі туралы не айтасыз және осы резервке қатысуды жоспарлап жүрген жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Қазіргі жастар – өзгерістерге ашық, технологияны меңгерген, жаңаша ойлай алатын буын. Мемлекеттік басқаруда жастардың болуы – жүйені жаңғыртудың, тиімділікті арттырудың бір жолы. Өңірлік кадр резерві осы әлеуетті дұрыс бағытта пайдалануға мүмкіндік береді. Ең алдымен, өзіңізге сеніңіз. Үнемі ізденіп, білімді арттырып, қоғамға пайдалы болуға ұмтылу керек. Бұл жоба дайын кадрды емес, өсуге дайын тұлғаны іздейді. Сондықтан ниет пен еңбек болса, нәтиже міндетті түрде болады.

Сұхбаттасқан Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



№15 (4913) 07/02/2026 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ

9 АҚПАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр». Телехикая.
14:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Ақорда»
15:15 «Бірегей». Деректі фильм
16:00 «Қыздың жолы». Телехикая.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». Телехикая.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». Телехикая.
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:05 «1001 ТҮН».
0:05 «Қыз тағдыры». Телехикая.
1:20 «Қазір айтайық». Әлеуметтік ток-шоу.
2:05 «Ашық алаң».
2:55 «Ауылдастар».

05:00 Телесериал «Про Веру»
07:00 «Оян!»
09:00 «Дәстүр»
09:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11:30 Көркем фильм «Мұқағали»
13:30 «Көзқарас»
14:05 2026 жылғы қысқы Олимпиада
16:05 Телесериал «Моя прекрасная жизнь»
17:00 Телесериал. «Стажер»
19:00 Новости
19:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
21:30 Жаңалықтар
22:00 2026 жылғы қысқы Олимпиада
22:55 Арнайы репортаж
23:25 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындары. Сноуборд.
00:55 Телесериал «Секретарша»

ASTANA TV

05.40 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
07.00 «Муз АРТ» концерт
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.15 «Қорғансыздар» телехикаясы
12.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
13.30 «Зың-зың Күлпәш» телехикаясы
16.00 «Искушение» телесериал
